


## Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің

2023-2024 оқу жылында оқу сауаттылығы апталығы бойынша ақпарат



15-19-қаңтар айының аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» тақырыбында Оқу сауаттылығы апталығы өтті.

15-қаңтар лездемедегі «Оқу сауаттылығы» апталығының ашылу салтанатынан басталды. Оқушылар мен ұстардарға апталықтың жоспарымен


таныстырып,

белсенділік танытуға шақырды. Мақсаты - оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру негізінде гуманитарлық пәндердің мүмкіндіктерін анықтай отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзара тәжірибе алмасу



16-қаңтар күні «Функционалды сауаттылық – тұлға қалыптастырудың жаңа жолы» тақырыбында 4-сынып оқушылары арасында Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» әңгімесі тақырыбында «Бестік диктант» жазылды. Ал 8-9-сынып оқушылары арасында «Адамдық борышың ...» тақырыбында эссе байқауы өтті. Сонымен қатар, 10-11-сыныптар арасында жазушы Саттар Ерубаетовтың туған күніне 110 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығына диктант жазылды. Мақсаты: білім алушылардың ауызекі сөйлеуі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып, дұрыс сауатты жаза білуге үйрету.

«Бестік диктант» жазу кезінде оқушылар диктант жазудың жаңа тәсілін меңгеріп, бестік диктанттың бес моделі бойынша берілген тапсырмаларды



сауатты түрде орындай білді. Жақсы жазған оқушылар марапатталды. Олар: Болат Айлин, Саят Әлинұр, Бақытбек Ерсұлтан, Махметова Ажар. Сол күні 5-7 сынып оқушылары арасында «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» атты оқу сауаттылығы бойынша «Kahoot тест» өтті.

17-қаңтар күні «Оқу сауаттылығы және заманауи қоғам» тақырында 1-сынып оқушылары арасында «Менің



әкем мақтанышым» атты танымдық ток-шоу өтті. Мақсаты: Бала мен әке арасындағы тығыз, әрі ыстық байланысты орнықтыру. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу, әкені пір тұтуға, ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі; камқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Әр оқушы өз әкесімен мақтануға әрине толық мүмкіндігі бар.



5-7- сыныптар арасында «1001 мақал, 101 жұмбақ» атты танымдық сайыс өтті.

«Жеткіншектің жеті ережесі» тақырында 8-9 сыныптар арасында квест ойыны өтті. Мақсаты: Жаңашылдық ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана білу және алған білімдерін кеңейтіп, қызығушылығын арттыру.


17-қаңтар «Асыл сөз» атты шешендік өнер сайыс өтті. Мақсаты: Оқушының сөз саптауы, өз ойын әдеби мәліметтері келтіре отырып дәлелдеуі және сұрақ қою және сұраққа жауап беру шеберлігін дамыту. Шешендік өнер – халқымыздың баға жетпес бай рухани мұрасы. Ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінге жеткен қасиетті қазынасы.



Шешендік байқау 2 бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлім жекпе-жек түріндегі шешендік сайыс. Қатысушылар жеребе арқылы тақырып таңдап жарты сағаттық жекпе-жек түріндегі шешендік сайысқа түсті. Онда көркемдік, жүйелілік, нақтылық, ой ұшқырлығы, тіл тазалығы, дауыс мәнері, сахна мәдениетін сақтауы, т.б сарапқа салынды. Ал 2-бөлімде қатысушылар алдын ала берілген би-шешендердің сөзін жатқа айтудан бақ сынады.

18-қаңтар күні «Ұстаздарға арналған әдістемелік күн» атты тақырыпта бастауыш сынып пен қазақ тілі мұғалімдеріне арналған оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған көрнекі құралдар жәрмеңкесі өтті.

Мақсаты: екі буын арасындағы ортақ міндеттер, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау.



18-қаңтар Оқу сауаттылығы апталығы аясында «Ұстаздарға арналған әдістемелік күн» атты тақырыпта қазақ тілі мұғалімдері ашық сабақтарын өткізді.

Оқу сауаттылығы апталығындағы жоспарға сәйкес мектеп кітапханашылары оқушыларды оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау»; оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту мақсатында «Өзің оқысаң, өзгеге ұсын» атты буккроссинг ұйымдастырды.

**Буккроссинг** (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі) – «өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген хобби мен адам және кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі.

Осы іс-шараға 1-11 -сынып оқушылар қатысып, өздерінің оқылған кітаптарын достарына ұсынып, кітап оқуға шақырды.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі З.С.Абдуалиева 6Ә сынып оқушыларымен «Таулардан ағар өзен сарқыраған»,

А.Манаева 8Б сыныбы «Қазақстанда жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер» тақырыбында ашық сабағы өтті.



Мектебімізде 19.01.2024ж «XXI ғасыр - сауатты ұрпақ ғасыры!» оқу сауаттылығы апталығының қорытынды бөлімінде мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Г.С.Айтқұлованың ұйымдастырумен жас оқырманға әдеби кітаптарды насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында «KitapFest» оқырман оқушылар, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері мен белсенділерінің басын біріктіруге негізделген кітап фестивалі болып өтті.

фестивалі өтті. Кеште Білім беру ісінің құрметті қызметкері, белгілі меценат, АМАНАТ партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы БЕКЗАТ ҚОМАРҰЛЫ. Жазушылар одағының мүшесі Жәлел Шалқар.

- Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшісі, Журналистер одағының мүшесі ЕРБОЛ ЕРБОЛАТ.

- «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы АМАНҚҰЛОВ ҚУАНЫШ САҒЫНТАЙҰЛЫ.

- Балқаш қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі КММ №1кітапхана филиалының меңгерушісі Утепова Мендигул Козыкорпешовна, ата-ана Нурпейсова Тұрсынай апай және мектеп оқушылары қатысты.

Шара барысында жас оқырмандар қатысушы қонақтарымызға сауалдарын қойып, қаламгердің шығармашылығымен етене танысты. Кітапхана меңгерушілерімен де әңгіме-сұхбат жүргізіп, осы бір кештен рухани азық, ғибратты тәрбие алды. Өздерінің оқыған шығармаларымен бөлісіп, шара қонақтары мектеп кітапханасына кітаптарын сыйға тартты.

Мектеп директорының м.а. *А. Абдуалиева*



**Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік  
орталығының ұйымдастыруымен  
«Тарих толқынында» атты сауаттылық апталығы бойынша ақпарат**

2023 жылдың желтоқсанның 11-15 күндері аралығында Балқаш қаласы білім бөлімі «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде» КММ, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен, «Тарих толқынында» атты сауаттылық апталығыны ашылу өтті.

Мектеп директоры А.Абдуалиева егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу жолындағы қол жеткізген белестерін атай келе, толағай табыстарымызға дәріптеу қажет екендігіне баса айтты. Тарих пәнінің мұғалімі Л.Скакова апталық барысында өтетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің жетістіктері туралы насихаттау, саяси саналыққа тәрбиелеу, елін, жерін, әдет-ғұрпын құрметтейтін, өз Отанын сүйетін азамат қалыптастырып, патриоттық сезімге баулу.

Атқарылған іс-шараларды атап атсақ:

**11.12.2023** жылы Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара жоспары бойынша құрылды. Тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық стенд жасалды. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» кітап көрмесі оқушылар назарына ұсынылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіздік - біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Осы орайда оқырмандар назарына тәуелсіздік шежіресі жайында «ҚР Конституциясы», «ҚР Мемлекеттік Рәміздері», «Қазақстан Елтаңбасы», «Қазақтың Ата Заңдары», «Елтаным», «Ұлы Дала тарихы», «Желтоқсан жаңғырығы», «Тәуелсіздік шежіресі», атты кітаптар таныстырылды.



**11.12.23 ж.** күні 8-11 сыныптар арасында «Қазақтың батыры, көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл», «Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына биыл 360 жыл», атты сынып сағаттарын өткізді.


**11.12.23 ж.** күні 8-11 сыныптар арасында «Қазақтың батыры, көрнекті акыны Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл», «Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына биыл 360 жыл», атты сынып сағаттарын өткізді.

Оқушыларға аталған тұлғалар бойынша өмірбаяны, шығармашылығы, ғылыми қызметтері және жұмыстары жөнінде оқушыларға мәлімет беріп, әңгіме жүргізілді.

Сонымен қатар мектеп кітапханасында қазақ халқының ұлы ағартушыларының өмірі мен ағарту саласындағы халқына сіңірген еңбектерін жан – жақты таныстыра отырып, оқушылардың қазақтың ұлы тұлғалары туралы білімдерін толықтыру мақсатында «Ұлтын әлемге танытқан» Қажымұқан Мұңайтпасұлы атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. З.Н.Шайбекова оқушыларға қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! қазақ еліне сіңірген еңбектеріне тоқталып өтті.



**11.12.23.ж.** күні 2-4 сыныптар арасында "Мемлекеттік Рәміздер-ұлт мақтанышы", «Тәуелсіздік белгілері» атты суреттер байқауы өткізілді. Суреттер байқауының қорытындысы бойынша 2 Ә сыныбының оқушылары, Русланқызы Раяна 1 орын, Манат Бекзат 2 орын, 2 Б сынып оқушысы Мейірманқызы Кәусар 3 орын, 3Б сынып оқушысы Болат Айлин 3 орын, 3 В сынып Өмірсерік Сұңғат 2 орын, 4 Б Ералы Камалия 2 орын, 4 В сынып оқушылары Сүйеубай Темірхан 1 орын, Өмірғалы Әмина 3 орын дипломдарымен марапатталды.



**12.12.2023 ж.** күні «Өз өлкемнің тарихы туралы не білемін?» атты интеллектуалды танымдық ойын өткізілді. Мақсаты оқушылардың білім

деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу. Ойын 2 турдан тұрды: 1 тур – «Дода», 2 тур «тарихи тұлғалар». Интеллектуалдық танымдық ойынға «Білгірлер», «Біірлік», «Ұландар» командасы қатысып өздерінің білімдерін шындап белсене қатысты.



**12.12.2023** жылы мектебіміздің кітапханасында оқушыларды "Тәуелсіз еліміздің тарихи белестерімен" таныстырып, отаншылдыққа, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, елін, жерін сүйетін ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу мақсатында «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» атты тарихи сағат өткізілді. Кітапханашы З.Шайбекова оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталып, Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отыра, Тәуелсіздік алуымызға үлес қосқан желтоқсан көтерілісінің құрбандарының өмір жолдары туралы мәліметтер айтып өтті.




**13.12.23ж.** 10-11 сыныптар арасында тарих пәнінің оқытушылары Т.Еримбетов пен Л.Скакова Тәуелсіздігімізге арналған «Қазақстан – кеше, ертен, бүгін» атты дөңгелек үстел өткізілді. Тәуелсіз елдің жас

ұрпақтарын тәрбиелеу жолындағы қол жеткізген белестерін атап,толағай табыстарға тоқталды.

**13.23 ж.** күні 7-9 сыныптар арасында «Тәуелсіздіктің қалыптасу мәселелері» (ойын соты) атты шарада өздерін қорғаушы, прокурор, сот орнына қойып тарихи оқиғаның маңыздылығын аша білді.

**14.12.23ж.**күні 8-11 сынып оқушылар арасында «Тарихи тұлғалар және олардың Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы рөлі» атты дебат ойыны өтті.Ойын барысында Тәуелсіздік жолындағы тұлғалармен ұлы жетістіктер тақырыптары қозғалды.


**14.12.23 ж.** күні 1-2 сыныптар арасында мультфильмдер: "Ақсақ Құлан", "Қошқар мен Теке", «Алдар Көсе», «Аңшы», «Момын мен Қарақшылар», 10-11 оқушылар арасында «Көшпенділер» атты тарихи фильмінен үзінді көрді.Оқушылар өз пікірімен, фильмнен алған әсерімен бөлісті.



**14.12.23 ж.** «Өткеннің ізімен...» атты 5-6 сыныптар арасында мұражайға саяхат әңгіме сағаты жүргізілді. Мұражайға саяхат жасау жалпы ой – өрістің кенеюіне, тұлғаның үйлесімді дамып, қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, оқушыларды ұлтжандылыққа, мәдениеттілікке, өз елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеп, шежірелі өлкенің тарихын біліп қана қоймай, оны сүйіп, құрметтеу әрбір азаматтың міндеті екендігін жете түсінуіне көмектеседі.







15.12.23 күні «Тарих толқынында» атты сауаттылық апталығының қорытындысы бойынша 1-4 сынып оқушылар арасында “Тарих арқылы өнерге”, "Тарих іздерімен жазбалары" атты сурет байқауы өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша 1 сыныптар арасында 1 орын-Рысбай Әлішер, 2 орын-Боранқұл Әділ, 3 орын-Досымұлы Олжас. 3 сыныптар арасында 1 орын-Саят Аяла, 2 орын-Өміргалы Амина, 3 орын Бекзатқызы Гаухар. 4 сыныптар арасында 1 орын Таутанова айша, 2 орын Расұл Олжас, 3 орын Кадиров Берік. 5-7 сынып оқушылар арасында "Отбасы тарихы-Отан тарихы" атты презентациялар сайысы өтті. Сайысқа қатысқан 5 в сыныбының оқушылары Ренадов Ильнур мен Омаров Темирлан 5-6 сынып оқушылар арасында "Күй анасы-Дина" атты зерттеу жұмысы өтті. Зерттеу жұмысыңтарын 5 в сыныбының оқушылары Ренадов Ильнур Нұрғалиұлы Нұртуған Омаров Темірлан Апталаққа жақсы қатысқан, жүлделі орын алған сыныптар, оқушылар мадақтау грамоталармен марапаталды.

Тарих апталығына жоспарланған шаралар мезгілінде жоғары деңгейде орындалды.

Мектеп директорының м.а. Абдуалиева

